

6D010900 – Математика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған **Тотикова Гулдана Арыновнаның** «*Бастауыш сынып математикасын оқытуда оқушылардың кеңістіктік түсініктерін қалыптастыру және критериалды бағалау*» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми кеңесшінің

## ПІКІРІ

### 1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Қоғамның қазіргі даму жағдайында педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттарын іздеу және жаңарту қажеттілігі Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басым міндеттерінің бірі болып табылады. Қазіргі мектепте білім берудің басты мақсаты: сыртқы ортамен тиімді қарым-қатынас жасауға, өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуға дайын тұлғаны қалыптастыру.

Жаңартылған оқу бағдарламаларында геометриялық материалды оқыту және оның негізінде бастауыш сынып оқушыларының кеңістіктік түсініктері мен елестетуін қалыптастыру қажеттілігі көрсетілген. Бастауыш математикалық білім беру - орта білім беру жүйесінің бір бөлігі бола отырып, оқытудың және оқушылардың кеңістіктік түсініктерінің негізін қалыптастырудың ерекше бір сатысы болып табылады.

Қазіргі қоғамның талаптарына сай оқу жетістіктерін критериалды бағалау технологиясын қолдану арқылы оқушылардың кеңістіктік түсініктерін қалыптастыру мен дамытуды анықтаудың қажеттілігін көрсетіп отыр. Баланың өздігінен оқу қабілеттігіне қол жеткізу үшін баланың бақылау-бағалау тәуелсіздігі, яғни оның қызметін бақылауға және бағалауға, туындаған қиындықтардың себептерін анықтауға және жоюға дайындығы мен қабілеті ерекше маңызды. Бұл дағдыларды қалыптастыру - мектептегі бақылау-бағалау қызметі, оның мақсаттарын, мазмұны мен технологияларын қайта қарауды талап етеді.

Бастауыш сынып математикасы мазмұнының жаңартылуы мен бастауыш сыныптағы математиканы оқыту мақсаттарының бірі оқушылардың кеңістіктік түсініктерін қалыптастыру мен оның қалыптасу деңгейін бағалауға қажетті әдістемелік мәселелерді зерттеу арасындағы бірқатар *қарама-қайшылықтардың* болуы зерттеу мәселесінің өзектілігін айқындайды. Осы орайда Г.Тотикова өзінің зерттеу нысанын жан-жақты зерттеп, жаңартылған мазмұнға көшу талаптарына сай оқушылардың кеңістіктік түсініктерін қалыптастыру мен оны критериалды бағалау мәселесіндегі проблемалары айқындалған зерттеу мәселесі жаңа, көкейкесті.

### 2. Нәтижелердің дұрыстығы мен негізделу деңгейі

Г.А.Тотикова диссертациялық жұмысты орындау барысында мынадай ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

1. Бастауыш сынып математикасын оқытуда оқушылардың кеңістіктік түсініктерін қалыптастырудың педагогикалық, психологиялық-физиологиялық, негіздері айқындалған;

2. Жаңартылған бағдарламамен оқытуда оқушылардың кеңістіктік түсініктерін қалыптастырудың дидактикалық шарттары жасалған;

3. Бастауыш сынып математикасын жаңартылған бағдарламамен оқытуда оқушылардың кеңістіктік түсініктерін қалыптастыру және он критериалды бағалау әдістемесі дайындалған;

4. Бастауыш сынып оқушыларының кеңістіктік түсініктерін қалыптастырумен оны критериалды бағалау әдістемесінің тиімділігі педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген.

Алынған нәтижелердің дұрыстығы ізденушінің зерттеу тақырыбына сәйкес физиологиялық, психологиялық, педагогикалық, оқу-әдістемелік әдебиеттер мен ғылыми жұмыстарды жан-жақты талдау және оларды зерттеу барысында негізге алу, педагогикалық зерттеу әдістерін жүйелі қолдануымен эксперимент нәтижелерін өңдеу дематематикалық статистика аппараттарын қолдану арқылы негізделген.

### **3. Нәтижелердің теориялық және практикалық маңызы**

Білім алушылардың кеңістіктік түсініктерін қалыптастыру мен дамыту үрдісінің психологиялық және дидактикалық заңдылықтарын талдау негізінде бастауыш сынып математикасын оқытуда оқушылардың кеңістіктік түсініктерін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері анықталған. Оқушылардың кеңістіктік түсініктерін қалыптастырудың әдістері мен оны критериалды бағалаудың әдістемесін жасау қажеттілігі айқындалып, оның дидактикалық шарттары мен жаттығулар жүйесін құру әдістері ұсынылған.

Жаңартылған бағдарлама бойынша геометриялық материалдарды оқыту барысында оқушылардың кеңістіктік түсініктерін қалыптастыру әдістері, формалары мен құралдарын тиімді пайдалану жолдары; оқушылардың кеңістіктік түсініктерін критериалды бағалау моделі; айқындалған кемшіліктерді түзету бойынша ұсынылатын жаттығулар жүйесін құруға арналған әдістемелік ұсыныстар жасалған.

Әзірленген материалдар бастауыш сынып математикасын оқыту үдерісінде пайдаланылуы мүмкін. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен дайындалған әдістемені бастауыш мектеп мұғалімдері мен студенттер, әдіскерлердің пайдалануына болады.

### **4. Диссертацияның ғылыми білікті жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкестігі**

Жұмыста зерттеудің нысаны, пәні, мақсаты мен міндеттері нақты анықталған, зерттеу болжамы тұжырымдалған, зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы ашылған. Зерттеудің әдіснамалық деңгейі, оның стратегиясы, теориялық талдауды таңдау, тұжырымдамалық аппарат оң бағалауға лайық және автордың зерттеу мәдениетін куәландырады.



Жұмыстың құрылымы логикалық және негізділікпен сипатталады. Диссертациялық зерттеудің тиімділігі дәлелденген деп қорытынды жасауға болады. Автор зерттеуге жоспарланған мақсатына және оң нәтижелерге қол жеткізген.

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық халықаралық конференцияларда және ғылыми басылымдарда талқыланған. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында 19 еңбегі жарық көрген. Оның 2-еуі scopus деректер қорына енетін жарияланымда, 3 мақала ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 8 мақала ҚР ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында, 4 мақала шет елдерде өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында, 1 мақала Ресей ғылыми баспасында жарық көрген. 1 әдістемелік құрал баспадан шыққан.

#### 5. Диссертацияны қорғауға жіберу туралы ұсыныс

Тотикова Гулдана Арыновнаның 6D010900 – Математика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Бастауыш сынып математикасын оқытуда оқушылардың кеңістіктік түсініктерін қалыптастыру және критериялы бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы дәйекті, жан-жақты зерттелген, аяқталған жұмыс деп есептеймін. Оның авторы Тотикова Гулдана Арыновна 6D010900 – Математика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші,  
педагогика ғылымдарының кандидаты,  
доцент



Мадияров Н.К.